

Мектептегі мерекелер №10 (184) 2023

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Ә. Боранқұлова. Ардақты атаға арналған ас.....	3
Ш. Сапарғалиева. Ұлағатты ұстаз – ұлт мерейі.....	6
М. Сұлтанғазы. Мектеп президентін сайлау.....	9
А. Таутанова. Тілін сүйген – елін сүйер.....	11
А. Ахметжанова. Қарттарым – асыл қазынам.....	13
С. Байманова. Өзге емес, өзім айтам өз жайымда ...	16
А. Жұмағали. 13 жас – балалық шақ.....	18
А. Ауезханова. Жыл көшбасшысы.....	20
Г. Жумабекова. Жүзден жүйрік.....	22
А. Канафина. Зерттелмеген аралға саяхат.....	25
П. Турарова. Тапқырлар тартысы.....	28
А. Таған. Би – ұлт мәдениетінің биік шыңы.....	31
Ғ. Құлтай. Еңбектің бейнеті – зейнет.....	33
А. Кеншінбаева. Суреткердің парасат биігі.....	35
С. Даутиева. «Оқитын өлке» акциясы.....	37
Ә. Әділбайқызы. Мерейлі Меркедегі мейірім мекені.....	38

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10966-Ж куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
02.11. 2023 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

Төлешова Ұлмекен
Болатқызы –
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ!**

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Ардақты атаға арналған ас

Мамырдың мамыражай күндерінің бірінде Жамбыл ауданы, Меркі ауданындағы Тұрлыбай батыр ауылында Срайыл Манаповтың туылғанына 100 жыл толуына байланысты, үлкен ас берілді. Небәрі 51 жасында қайтыс болғанда артынан 12 баламен, жары Базаркүл Секербекқызы, алды 19-да, кенжесі іште қалған күйі қала берді. Содан бері арада 50 жыл өтті. Елу жылда ел жаңа. Бұл күнде жас өсіп, бала-шаға ержетіп, қыз бойжетіп, 12 баланың әрқайсысы бір-бір отау болып, керегесі кең шаңырақтың түтінін түтетіп отыр. Сол балалардың ішіндегі Гүлнар Срайылқызы — жоғарғы оқу орнын бітірген, ұлағатты ұстаз, қазір үлкен мекеменің директоры. Маған жақын, сіңілі, құрбы, дос, жақсы сыйласып жүрген, аңқылдаған, кісілігі, кішілігі мол, үлкенді сыйлай білетін алтын қыздардың бірі. Әкемізге құран бағыштап, ас береміз,- деп шақырған еді. Қабыл болсын, - деп бардық. 16 қанат киіз үйлер тігілген, аппақ шатыр құрылған, ас та төк ас беретін аумақ, Тұрлыбай батыр ауылына кіре берістегі үлкен алаңқайда, сонадайдан көрінді. Аудан орталығынан 12 шақырым деген, сол ауылдағы, мектеп директоры Ер-

жан Далиевтің зулаған көлігі демде-ақ жеткізді. Қатар-қатар қайнаған самаурын, асылған қазан-қазан ет, ас қамымен жүрген ағайын туыс кинодағыдай көріністі көз алдымызға келтірді. Көл-көсір дастархан, 8 ұл, 3 қыз, (ең үлкен қыз былтыр қайтыс болыпты) өте тату, бірін бірі толықтырып, қонақтарды қарсы алып, шығарып салуда. Сайдың тасындай жігіттер бүгінгі аста берілетін көкпарға



қатысуға дайын тұр. Аудан басшылары, кезінде Срайл атамен үзенгілес қызмет атқарған әріптес інілері, ақын, жазушылар, тума-туыс, нағашы-жиен, жиеншар, немере іні, бірге тұрғандар, көршілер, бәрі-бәрі осында екен. Үлкен баннерде әкелері Срайл Манаповтың портреті, аналары, әжелерінің портреттері, баннердің төменгі жағында аталарының

артында қалған бақытты ұрпағының бүгінгі тұрмыс тіршілігінен түсірілген суреттер, жарасымды, сыйластықты көруге болатын тойларда түскен фотолардан коллаждар орын алыпты. Балалардың үлкені Жеңісбек ағаның басшылығымен, бәрі бірлесе, ақылдаса отырып, осындай ас бергендері көпке үлгі, кейінгі ұрпаққа аталарының құрметіне құран бағыштап, 500 адам шақырылып, құрметтегендері, тәрбиелік мәні бар шара болды. Срайыл Манаповтың немерелері, шөберелері, шөпшектері өз аталарымен қалай мақтанса да жарасады. Қанмен, текпен берілген тәрбие, үлкен шаңырақтан түлеп ұшқан біртуғандардың, үлкен әулеттің ұл-қыздарының өсіп-өнгенін, жайқалған бәйтеректің жапырағындай, желек жайған, өз күштерімен, өз еңбектерімен, өз білімдерімен жетіліп, жеткен жетістіктерінің нәтижесі — бүгінгі берілген ас! Әулеттегі 8 ұлдың жан-жарлары, келіндері де үлгілі. «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деп айтқан ұлы сөзді осы әулеттен көрдік. Кішісі үлкенін, үлкені ұлысын сыйлаған, артында іздер, ұлағатты ұрпағы бар, Срайыл Манапов кім еді, тоқталайық.

Срайыл Манапов — алдымен 12 баланың әкесі. Қыздары: Бақыткүл, Жанаткүл, Мағрипа, Гүлнар, ұлдары: Жеңісбек, Серікбек, Болатбек, Қанатбек, Нұржан, Ержан, Нұрлан, Арман және 45 немеренің, 85 шөберенің атасы. Срайыл Манаповтың туғанына биыл 100 жыл толыпты. Меркі ауданы құрылғанда Срайыл

Манапов ауылдағы бастауыш мектепте оқып, білім алады. Мектептен ары оқи алмайды. Себебі, жігіттің, балалық шағы өте ауыр кезеңмен сай келеді. Ашаршылықтың, Голощекиннің саясатының кесірінен болған қиын кезеңмен тұспа-тұс келеді. Жергілікті халық аштан өлмес үшін, басқа елдерге күнкөріс қамымен тентіреп, кетіп жатты. Осы нәубеттен Срайылдың өзімен оның ата-анасы, ептеп аман шығады. Бірде аш, бірде тоқ, бірде талқан, бірде масақ, суға талғажу бірдеңе қайнатып жеп, тірі қалады. 2 жыл қатарынан егін шықпай, елді қысқан ашаршылық кезінде сол тұстағы, Срайыл тектес балалардың бәрі, колхоздың әр түрлі шаруаларына күн-түн демей, жегіледі. Ұйқылары шала, таң ата жұлқылап оятып, өріске, қызылшаға, егістікке, әйтеуір қай жерге жұмсаса, сонда жүріп беруші еді. Ауылдың адамдарына атқарып жүрген жұмыстарына қарай, еңбеккүн жазылушы еді. 16 жасында Срайыл Манапов ауылда есепші болады. 20 жасқа толғанда Ұлы Отан Соғысы басталып, соғысқа аттанып кетеді. Алматыда дайындықтан өтіп, Панфилов дивизиясы құрамымен майдан даласына кіреді. Дивизия құрамында артиллерия полкінде артиллерист болып, соғысқа кіреді. Мәскеу түбіндегі шайқаста болады. Мәскеу үшін жойқын соғыста, Великие Лукиде ауыр жарақат алып, 6 ай әскери госпитальда емделіп, 1943 жылы қабырғасынан жарақат алған жауынгерді елге қайтарады. Елге оралған Срайыл, тылдағы кемпір,

қартаң кісілермен, бала-шаға әйелдермен бірге, бар ауыр жұмыстарды атқаруға кірісіп кетеді. Шөп те шабады, жоңышқа майлайды, науқанда сақпаншы да болады. Ат бағып, арба айдайды. Қант қызылшасын жеке-леуге, шабыққа, жонуға, зауытқа тасуға атсалысады. Срайыл Манапов патриоттығымен, іскерлігімен, еңбекқорлығымен, ұйымдастырушылығымен аудан басшыларының назарына ілінеді. 1945 жылы Ұлы Отан Соғысы аяқталғанда, Манапов Меркі аудандық атқару комитеті Кеңесінде нұсқаушы болып қызмет етеді. Бұдан кейін, Ленин жолы (қазіргі Жауғаш батыр) Қызыл Октябрь (қазіргі Ақарал) ауылдық Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарады. Жамбыл атындағы колхозда бригадир, аудандық тұтынушылар одағына қарасты Красная Заря (қазіргі Тұрлыбай Батыр) ауылында және Большевик (қазіргі Ақтоған ауылында) дүкенде сатушы болады. Тек, бір кем дүние, 51 жасында 1972 жылы дүние салады. Осының бәрін айтып беріп отырған Гүлнәрдің көзінен, әкеге деген сағыныш жасы дөңгелене қалды. Әкесі дүниеден өткенде іште қалған Арман, қара шаңыраққа ие болып отыр, бүгін тура 50-ге толды, - дейді. Балаларының ешқайсының рахатын көрмей кетеді. Бірақ, аналары Базаркүл ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, бәрін оқытып, отағасының жоқтығын білдірмей, бірде құлап, бірде тұрып, бірде жылап, бірде күліп жүріп жеткізеді. Балалардың үлкені Жеңіс-

бек Манапов, келіншегі Қанымкүл екеуі, өзінен кейінгі бауырларына бауыр болып, әке орнына әке, шешеге көмекші, ата орнына ата болып, өз балаларымен бірге тәрбиелеп, үйлендіріп, жайландырып, әке атына кір келтірмей, әулеттің абыройын асқақтата біледі. Үлкен әулеттен 12 бала – директор, қызметкер, механизатор, педагог, дүкенші, әр түрлі мамандық иелері, нандарын тауып жеп, жетіліп кетті. Мінездері жайлы, досқа сыйлы, көпшіл, ұжымда құрметті, ауыл-аймаққа, ағайынға қадірлі бір-бір әулет болды. Уақытқа амал жоқ, ескен желдей өте шығады. Әр жыл, өзінің тамшыдай табыстарымен, әр күн өзінің моншақтай жетістігімен, Манаповтар әулетіне жақсылық, табыс, дәулет, байлық, баянды бақыт әкеле берді. Манаповтар, асқар тау әкеге лайықты болып өсіп, өніп, туған жеріне, еліне перзенттік сүйіспеншілігі мен махаббатын шынайы арнай білді. Әке атына лайық болған әулетке киелі Меркіде көп жылдан бері, ұстаздық жұмысын жандандырып, еселі еңбек етіп жүрген, жігерлі де жауапты қыздарымыздың бірі де, бірегейі де – Гүлнәр Срайылқызына мұқалмас жігер, қайтпас қажыр, таусылмас табыс тілейміз. Мерейіңіз үстем, мәртебеңіз биік болсын! Ардақты ата әулетінде тойлар көп болсын!

Ә. БОРАНҚҰЛОВА,
журналист.
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.

Ұлағатты ұстаз – ұлт мерейі



**Шынар
Нурлановна
САПАРГАЛИЕВА,
№40 ЖББМ
директордың тәрбие
ісі жөніндегі
орынбасары.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Биыл педагогтердің кәсіби мейрамы ресми түрде бекітіліп, 5 қазан күні мерекеленеді. Тиісті қаулыны ҚР Үкіметі биыл 10 наурызда қабылдаған болатын. Мемлекеттік мерекелер тізіміне сәйкес, осы уақытқа дейін республикада Мұғалімдер күні қазан айының бірінші жексенбісінде тойланып келді. Енді бұл мереке 5 қазанда әлемнің 100-ден астам елі атап өтетін Дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендірілді.

Ұстаздардың жас ұрпақты тәрбиелеу жолындағы тынымсыз еңбегі мен ағартушылық қызметі әрқашанда құрметке ие. «Ұстаз – мектептің жүрегі. Баланың бойына білім нәрін себетін, адамгершілік дәнін егетін басты тұлға», - деді оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Осыған орай ұстаздар мәртебесін көтеріп, мерекені ұлықтауға Алматы қаласы, Бостандық ауданы №40 жалпы білім беретін мектеп ұстаздары мен оқушылары белсене ат салысты.

Мектеп фойесі, кабинеттер мен акт залы ұстаздар күніне орай безендіріліп, оқушылар арнайы концерт ұйымдастырды. Таңертең мектеп фойесінде жас мамандар мен жоғарғы сынып оқушыларының ұйымдастырумен мұғалімдерді мерекелік көңіл-күймен күтіп алды. Әрбір мұғалім өзін жайлы, көңілді сезініп, еңбектері еленіп бір маркайып қалды.

Ұлағатты ұстаздарымыздың кәсіби мерекесіне орай «Дублер күні» ұйымдастырылды. Жоғарғы сынып оқушылары мұғалімдердің сабақтарын өзара бөлісіп, мерекеге байланысты сабақтарды өтті. Ұстаздық жолдың жүгі жеңіл еместігін бір сәт болсын сезінген оқушылар өз сезімдерімен бөлісіп:



- Қадірлі ұстаздар! Сіздердің Мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер демекпіз, сіздердің әр оқушы үшін жасап жатқан еңбектеріңіз бен бойларына сіңіртіп жатқан өнер мен білім,



тәрбие мен тағылымдарыңыз орасан зор екендігіне көзіміз жетті. Ұстаздық жолы оңай еместігін, қалай шаршайтындықтарыңызды, әрбір уақыттарыңыздың бағалы екендігін осы күні түсіндік. Сіздерге алғысымыз шексіз, шарша-

май, талмай жүре беріңіздер! - деп өз пікірлерін білдіре кетті.

Сонымен қатар жоғарғы сынып оқушылары ұйымдастырған керемет іс-шаралардың бірі — «Ұстазым менің, ұстазым!» атты концерттік бағдарлама. Концертте ұстаздар қауымының кәсіби мерекесіне арналған әндер шырқалып, би биленді, ойындар ұйымдастырылып, көптеген тілектер жолданды. Ұстаздардың жүздеріне күлкі ұялату үшін әзіл-қалжыңға толы көрініс те көрсетіліп, ұстаздар үшін барын салған жоғарғы сынып оқушыларының іс-шаралары жоғары деңгейде өтті. Кеш соңында мектеп директорының міндетін атқарушы Бибигуль Адигуловна сөз кезегін алып, ұлағатты ұстаздарды мерекемен құттықтап, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан мұғалімдерді алғыс хаттармен марапаттады. Оқу-ағарту министрлігінің атынан төл мерекеге байланысты, еліміздегі

білім беру саласын дамытуға қосқан зор үлестеріңіз бен адал қызметтері үшін Ғани Бейсембаев мырзаның алғыс хатымен №40 жалпы білім беретін мектептің барша ұжымын құттықтады!

Қорытындай келе, ұстаз ұлы есім екендігін жастардың бойына сіңіріп келеміз. «Алты Алаштың басы қосылса — төр мұғалімдікі», - деп Мағжан Жұмабаева атамыз айтқандай, ұстаздардың мерейін өсіріп, ұлтымыз-





дың болашақтарын тәрбиелеу жолындағы еңбектері еленгені, оқушылардың ұстазға деген құрметі деп білеміз. Осынау қастерлі де қасиетті атқа лайық мамандар көп болса, Қазақ елінің болашағы жарқын. Тек, ұлтым деген ұстаздар ғана «қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болып» (С. То-

райғыров), қазақ баласының санасына білім мен тәрбиенің нәрін құйса ғана келешегіміз кемел. Иә, кәсіби білікті, нағыз ұлтжанды ұстаздар ғана намысшыл ұрпақ, білімді оқушы тәрбиелесе, ол — мемлекетшіл тұлға қалыптастырудың алғышарты. Мерекелеріңізбен, құрметті ұстаздар!



Мектеп президентін сайлау



**Мөлдір
Бақытқызы
СҰЛТАНҒАЗЫ,
№40 ЖББМ
аға тәлімгері.
Бостандық ауданы
Алматы қаласы.**

Мектебімізде «Жас Ұлан» мен «Өзін-өзі басқару» балалар мен жас-өспірімдер ұйымы ережесіне сай 2023 жылдың 2-3 қазан күндері аралығында «Мектеп Президентін» сайлау науқаны жүргізілді. «Мектеп Президентіне» 5 кандидат ұсынылды. Әр үміткер өз жоспарларымен таныстырып, мектептің әлеуметтік желісіне жарияланды. Мектеп Президентін сайлау төмендегі ережелерге сай өткізілді. Өзін-өзі басқару ұйымының Мектеп Президентін сайлау туралы ережесі. Осы Ереже оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлауды дайындау мен өткізуді реттейді.

Өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау оқушының сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделеді.

Өзін-өзі басқару ұйы-

мының Президентін сайлау жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру ар-



қылы өткізіледі.

Оқушылардың сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Ешкімнің оқушыны сайлауға қатысу немесе қатыспауына мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның еркін білдіруіне шектеу қоюға құқығы жоқ.

Сайлаушылар өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлауға тең негізде қатысады және әрқайсысы тиісінше бір дауыс ғана бере алады. Оларға тең құқықтар мен сайлауға қатысу шарттарына кепілдік беріледі.





Жас Қырандардың қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытып, оны қоғам игілігіне пайдалануына жағдай жасау. Осыны пайдалана отырып түрлі іс-шаралар ұйымдастыру. 2 қазан күні №40 жалпы білім беру мектебінде қатысушылардың бағдарламасының таныстырылымы өтті. Таныстырылымнан кейін, 3 қазан күні 5-11 сынып оқушылары мен мектеп ұжымы дауыс беруге ат салысты. Өздеріне әзірленген бюллетеньдерді жеке үстелде толтырып, сайлау жәшігіне салды.

Өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлауда дауыс беру құпия болып табылады, сайлаушылардың ерік білдіруіне қандай да бір бақылау жасау мүмкіндігін жоққа шығарады.

«Мектеп президентін сайлау» жобасы болашақ сайлаушылардың құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында оқушыларға сайлау қызметінің практикалық бағдарланған білімді, машықтар мен тәжірибені беру үшін жағдайлар жасауға бағытталды. Мектеп парламентінің сегіз фракциясы мен «Жас Ұлан» ұйымының жеті бағытын толығымен қамти отырып, Жас Ұландар мен



Сайлау комиссиясы мүшелері: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сапарғалиева Ш., аға-тәлімгер Сұлтанғазы М. және мектеп психологы Қабылбек А. Жалпы мектеп оқушыларына 400 бюллетень тапсырылды. Дауыстар саналғаннан кейін дауыс беру қорытындысы жарияланды:

Дауыс санын санау барысында 9-сынып оқушысы Калихан Аружан барлық кандидаттар арасында ең жоғарғы дауыс жинап, мектеп Президенті лауазымына тағайындалды. Аружанға және оның командасына сәттілік пен барлық ойластырылған жоспарларының жүзеге асуын тілейміз.

Тілін сүйген – елін сүйер

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Қазақ тілі тарих сынынан сүрінбей өтті. Дүние жүзіндегі ең бай, бейнелі, таза, өткір, терең, күшті, кең тіл ретінде саналады. Біз бүгінгі тәрбие сағатымызда тіл туралы ойымызды ортаға салмақпыз.

Көрініс: «Ата өсиеті».

Автор (Әйгерім). Өте ертеде бір қадірлі шешен қария келте дүниеден көз жұмарында қасына ұлын шақырып алыпты.

Қария: (Берік) Балам, мен ұзамай дүние саламын. Әкем қазына қалдырмады деп қамықпа. Ел ішінде қалдырып бара жатқан асыл мұрам бар. Соны іздеп тап, қадірле, қастерле.

Бала: (Дәулет) Рахмет, әке, аманатыңызды орындаймын.

Автор: Ол көп іздеп ештеңе таппады. Сосын Абзал атаға келеді.

Бала: Ассалаумағалейкум, Абзал ата!

Абзал ата: Уағалейкумассалам, балам! Әбден шаршап-шалдыққан екенсің. Не іздеп жүрсің?

Бала: Әкемнің асыл мұрасын іздеп таппадым. Ол сонда қандай мұра болды екен?

Абзал ата: Әй, балам-ай, әкеңнің сөзіне еш шүбә келтірме! Оның саған қалдырған мұрасы – тіл! Ол шешен адам еді ғой. Бәріміз де сөйлеуді сенің әкеңнен үйрендік. Тілден қымбат қазына жоқ, балам! Әкеңнің саған қалдырған қазынасы – сол.

Ерасыл. Осы қымбат қазынамыз ғасырлардан ғасырларға жетіп, толығып

келеді. «Тіл – уақыт-өзенінің өткелі», ол бізді бабаларымыздың мекеніне бастап әкеледі.

Әбілмансұр. Сол өткен ғасырдың өзінде француз ғалымы Жорри де Манси «Қазақ тілі - түркі тілдері ішіндегі ең бір таза тіл» деп тамсанған.

Айнұр. Орыстың әйгілі ғалымы Василий Радлов «Ең сауатсыз деген қазақтың өз тілін жете меңгергендігі сондай, ондайды біз Еуропада француздар мен орыстардан ғана байқаймыз. Егер олар әңгіме айта қалса, сөз оралымдары көркем де сүйкімді, тілі өткір әрі майда, шешен де тапқыр» деп әділ бағасын беріпті.

Нұрай.

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,

Соған берем ойымның алтын кенін.

Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,

Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Сезім.

Ал екінші бақытым – Тілім менің,

Тас жүректі тіліммен тілімдедім.

Кей-кейде дүниеден түңілсем де,

Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Нұрәлі.

Бақытым бар үшінші – Отан деген, Құдай деген кім десе, Отан дер ем.

Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?

Ойланбай-ақ, кел-дағы, от ал менен.

Үшеуі бірге:

Үш бірдей бақытым бар алақанда,

Мені мұндай бақытты жаратар ма?
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға.
(М. Мақатаев)

Мұғалім: Сіздерді «Арналы бұлақ — асыл сөз» отауына шақырамыз.

Бірінші көрініс: «Асыл сөз» әлемі

Қатысушылар: Талапбек, Зерделі, атасы

Екінші көрініс: «Төле бидің жауабы»

Қатысушылар: Автор, Шақшақұлы Жәнібек, Төле би

Үшінші көрініс: «Қазыбек бидің елшілігі»

Қатысушылар: Автор, Қалдан Бошақту, Қазыбек би.

Төртінші көрініс: «Әйтеке бидің сыншылдығы»

Қатысушылар: Автор, Қалдан Бошақту, Әйтеке би.

Қорытынды

Әйтеке бидің шешендігі

Ашу бар жерде ақыл тұрмайды.

Ашу деген — ағын су,

Алдын ашсаң, арқырар.

Ақыл деген — дария,

Алдын тоссаң, тоқырар.

Кісіге бір туыспау керек,

Туысқан соң сөз қуыспау керек.

Сөз қуған пәлеге жолығады,

Жол қуған олжаға жолығады.

Ағасы келсе, ардақтап атын байлағандай,

Қонағы келсе, құрметтеп жайлағандай.

Тындырымды інісі болса,

Қанат — құйрығы сай болып,

Ағаның алар тынысы болса,

Көңілі жай болып.

Інінің міндеті — басқару,

Ағаның реті — бас бағу емес пе

Екі адам керіссе, оның аты — қызыл шок.

(«Тілімді мақтан етемін» жыр-шашуы домбырамен орындалады.)

Мұғалім: «Халық пен тіл — егіз» демекші, халық бар жерде тіл бар, тіл бар жерде халық бар. Ендеше, сендердің жүректерің «Халқым, тілім» деп соқсын. Баршамыз осы жолда игілікті іс атқара берейік.

Елдар: Басқаны былай қойғанда, қазақша сәлемдесуді ұмытып барамыз. Көшеде кездесіп қалған қыздар бір-біріне «Привет!» дейді, ұлдар өздерінің ағаларын «Братан» дейді. Бұл не? Бұл сауатсыздықтың шектен шыққан түрі ме? Ежелден-ақ «аға», «апа», «сәлем бердік», «ассалаумағалейкум» дедік қой?

Інжу: Бұрынғы заманда әрбір қазақ сөзін әшекейлеп, әрлеп сөйлеуге ден қояды екен. Қазіргі заман қазақтарының сөзін орысша тұздықтап, шұбарлап сөйлейтініне қарның ашады. Олардың туған тілінде дұрыстап сөйлемегені, туған халқын сүйе білмегендіктен шығар.

Мәди: Біз, мектеп шәкірттері, ана тілімізде шыққан көркем-әдеби кітаптарды да, танымдық әдебиеттерді де, өзімізге арналған газет-журналдарды да көп оқуымыз керек.

Айым: Сонда ғана біз сауатты да мәдениетті боламыз.

(«Біз бақытты балдырған» әніне қойылған би орындалады)

Ауылдық мәдениет үйінің қызметкері М. Ахметов оқушыларға тілегін айтып, «Баба тілі» жырын орындайды.

Мұғалім: Тіл тағдыры шешуін күтті. Көпшілік ойы ашық айтыла бастады.

1989 жылы «Республикадағы қазақ тілі жайы» атты қаулы қабылданды. Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңы қабылданды. Осы заң талаптарынан соң 22 қыркүйек Қазақстан халқының тіл мерекесі болып өтілуде.

Біздің ана тіліміз ғарыш тілі болды. Қазақ ғарышкерлері Т. Әубәкіров пен Т. Мұсабаев елінің әнін, жырын ғарыш әлеміне жеткізді. Әр елде жүрсе де қазақ тілін ұмытпаған қазақтарды көрдік. Талай қандасымыз өз Отанына оралып, елінің данқын асыруға үлес қосуда. Тәрбие сағатымызды Ш. Құдайбердиевтың «Адамдық борышын» өлеңімен аяқтаймыз.

Адамдық борышын,
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл,
Талаптан да, білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз болады ақын — тұл.
Мақтанға салынба,

Мансаптың тағы үшін.

Нәпсіңе билетпе

Басыңның бағы үшін.

Өміріңді сарп қыл өлгеніңше,

Жоба тап, жол көрсет, келешек
камы үшін.

Қайтадан қайрылып, қауымға кел-
мейсің,

Барыңды, нәріңді тірлікте бергей-
сің.

Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң,

Шын бақыт — осыны ұқ, мәңгілік
өлмейсің!

Барлығы хормен: Отанымды шексіз
сүйемін, тілімді, дінімді қастерлеймін.

**Айгүл Темірғалиқызы ТАУТАНОВА,
Райымбек батыр атындағы орта мек-
тептің бастауыш сынып мұғалімі.**

**Басши ауылы,
Кербұлақ ауданы,
Алматы облысы.**

Қарттарым — асыл қазынам

- Құрметті қонақтар, ақ жаулықты аналар мен асқар таудай әкелер! 1 қазан — «Қарттар күніне» орай «Қарттарым — асыл қазынам» атты бүгінгі мерекемізді ашуға рұқсат етіңіздер.

Қарттарым, жүректерім неткен дархан,

Көтерген тұрмыс жүгін сенің арқан.
Жолыңды жүріп өткен қарасам мен,
Оқитын келешекте бір-бір дастан.

Таң атып күн де шыққан өздеріңмен,

Жалындап жұлдыз жанған көзде-
ріңнен.

Тербедің көктем бағын самал болып
Өсиет жастарға айтқан сөздеріңмен,
- деп асыл қазына, арқа сүйер тірегіміз
болып аман-есен жүре беріңіздер.

Қонақтармен таныстыру: Жарма ауданы әкімі — Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлы, «Промстрой» ТОО директоры — Әкімбаев Ермек Мұхаметқалиұлы, қарттар күніне дастархан жайып

беріп отырған бас демеуші, ұжым басшылары, ауыл азаматтары.

Шақырады ойнасақ гүл даламыз,
Туған жерден нәр алып нұрланамыз.
Уәлиханов мектебінде оқып жатқан
Жеткіншектер өнерлі біз боламыз.
(Мектеп оқушыларының құттықтауы)

Жігіттің елі сүйсе арманы не,
Құрметтеп халқың отыр залда міне.
Аймаққа аты әйгілі азаматтың
Тілегін тыңдайықшы сіз де біз де.
(Сөз Жарма ауданы әкіміне беріледі)

Қозы Көрпеш Баяндай шежірелі,
Шыңқожа батыры бар елден келдім.
Депутат қып өздеріңіз сайлаған
Сабильянов Нұртай өскен жерден
келдім.

Аягөздің ұланы
Өскемен қазір тұрағы.
Біздің дағы ауылға,
Жиі келіп тұрады.
Жас та болса бас болып,
«Промстройды» басқарған.
Қарттарға арнап бүгінгі,
Жайыпты ақ дастархан.
Сіздерге арнап әдейі,
Қойын сойған семізден.
Ұлдарыңыз осындай,
Бас пен жамбас жегізген.
Мың адамы бар ұжымның,
Басшысы бүгін дегізген.
(«Промстрой» ЖШС басшысы Әкімбаев Ермек Мұхаметқалиұлына сөз беріледі)

Ауылым — ырысы мол құт мекенім,
Береке бірлігінді жыр етемін.

Мен дағы осы ауылдан білім алып,
Алаңсыз құшағыңда ержеткенмін.
Ауылым — туған өлкем аялаған,
Саянда салған ойнақ талай балаң.
Төсінде төрт түлік мал қаптай жайлап,
Суың бал, шөбің шүйгін, туған далам.

(Сөз «Бірлікшіл» ауылдық әкіміне беріледі)

Халқымыз айтқандай: «Батыр болсаң жауға найзаң тисін,

Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін» дегендей,

Ілгері басқан адамға, іркілместен ырыс қонар, - деп еңбегімен еліне елеулі, халқына қалаулы болып жүрген біздің округымыздың жас демеушісі де бар. Өткен жылы осы уақытта қарттарға арнап дастархан жайған, қарт адамдарды:

Қағыс естіп қалбаңдайды баладай,
Ниеті ақ, пейілі кең даладай.
Кімге болса қарттық келер аяңдап
Мәпелейік қарт біткенді аялай, - деп үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсете алатын ауылымыздың асыл азаматы — Нигманов Жұмабек мырзаны құрметпен ортаға шақырайық.

Шәкірттердің тыңдап жауап сұрағын,

Жас санаға құйып білім шуағын.
Хат танытып жол сілтеген өмірге
Барша жанға құрметті адам мұғалім.
(Ұстаздар қауымы сөз алады)

Ауылымда азамат көп еңбек еткен,
Шөп шауып, бидай, арпа, дәнін еккен.

Қамқор боп ауыл-аймақ бар халқы-
на,

Кенелтіп мол табысқа қолы жеткен.
*(Шаруа қожалықтары басшыларына
сөз беріледі)*

Соғыс жалмап аға, іні, бауырды,
Зар жылатты тыныш жатқан ауыл-
ды.

Бірақ біздер өздеріңнің арқанда,
Көрген жоқпыз сол бір қырғын
дауылды.

Ай өткен, жылдар өткен, ғасыр
өткен,

Жеңіспен майдан бітіп жас ержет-
кен.

Сақталады ер есімі ел есінде,
Ерлігі ел жүрегін тебіrentкен.
(Соғыс ардагеріне сөз беріледі)

60 жас — адам жасы асқаралы,
Алыс емес қарттықтың басталары.
Аман боп туыстармен қарсы алы-
ңыз,

70, 80, 90-дай басқаларын.
*(Ел ағалары атанған ағаларға сөз бе-
ріледі)*

Ақылгөйім, асқар тауым ғұлама,
Аспанымдай мәңгі жаса құлама.
Ер жетсем де еркелігім қалмайды,
Көз алдымда сен тұрғанда ұлы Ана.
Тербетіп ақ бесікте аяладың,
Бойдағы ізгілікті аямадың.
Анашым өзіңсің ғой сүйенерім,
Анашым өзіңсің ғой сая бағым.

*(Сөз кезегі ақ жаулықты аналары-
мызға беріледі)*

Кіндік кесіп жөргекке ораған жер,
Таудай тірек болуға жараған жер.
Тіл шығарып аяқты тік тұрғызып
Анамдай маған жылы қараған жер.
Не сыйлаймыз туған елге өсірген,
Не сыйлаймыз туған жерге көсілген.
Туған жерге жыр сыйлауға бекінгем,
Туған жерге тер төгуге шешінгем.
(Ауыл азаматтары сөйлейді)

Ауыл деген қайнап жатқан еңбек
қой,

Әр күндері ойын-сауық ермек қой.

Қазаны мен жиылмаған ошағы,

Будалаған түтіні де өрмек қой.

Ауыл деген-ұлылардың бесігі,

Кім келсе де айқара ашық есігі.

Сол ауылдан түлеп ұшқан сан қы-
ран,

Сағыныштан басылмаған өксігі.

(Ауылдастар сөз алады)

Мейірімі мол ананың,

Жүрегі жылы қолы кең.

Кең пейілді атаның,

Жүзі жылы жолы кең.

Аталар — асқар таудай қорғанымыз,

Аналар — саясы мол орманымыз.

Қызығын ұрпағыңның көре берші,

Жортқанда бола берсін жолдары-
ңыз.

Ләйла Капезқызы АХМЕТЖАНОВА,

III. Уәлиханов атындағы

орта мектеп мұғалімі.

Сұлусары ауылы,

Жарма ауданы,

Абай облысы.

Өзге емес, өзім айтамын өз жайымда...

Мақсаты:

1) Қасым Аманжоловтың шығармаларын оқырмандарға насихаттай отырып, отансүйгіштікке, батылдыққа баулу, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітапханаға оқырмандар тарту;

2) Ақын шығармаларымен таныстыра отырып, оқушылардың сөйлеу мәдениетін, дүниетанымын кеңейту, шығармашылыққа дағдыландыру;

3) Қасым поэзиясы арқылы отанды, туған жерді сүйуге, қастерлеуге, қайсарлыққа, қаһармандыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қасым Аманжоловтың суреті, кітап көрмесі, ақын туралы деректер, әр түрлі жылдарда түскен суреттерінен фотоальбом.

Есенсіздерме құрметті ұстаздар мен оқушылар!

Аманжол — Рахымжанның Қасымымын,

Мен қалған бір атаның ғасырымын.

Біреуге жұртта қалған жасығымын,
Біреуге аспандағы асылымын, — деп,

«Өзге емес, өз жайын өзі айтқан»
Қасым ақынның шығармашылығына арналады.

1. Қазақтың ақын баласының тойы барша қазақтың тойы. Қазақ әдебие-

тінің тарихында өзіндік қолтаңбасымен қалған жыр алыбына арнап ақындарымыздың арасында жырдан шашу шашпағаны кемде-кем. Арнау өлеңдер. Ұстаздарымыз жыр-шумақтар тындайды;

2. Қ. Аманжолов Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Қызылорай қыстауында 1911 жылы дүниеге келген. Әке-шешесінен ерте айырылған жетім бала ағасының тәрбиесінде өседі. Бұл жайында ақын бір өлеңінде былай деп жазады:

Өмірге ендім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден.

Жетімдік тағдыр жетті ептеп,
Қабағы қату түнелген.

Өмірден үміт жоқ өзге,
Даланың тердім тезегін.

Әкем боп таптың сол кезде,

Қайран да менің өз елім, - деп жырлады;

3. Ақынның еңбек жолы Орал қаласында басталады. Осы кездері Қасымның ақындық, әншілік, артистік, аудармашылық таланты жұртшылыққа таныла бастаған еді.

Өзін танытқан, өзін тапқан Оралы жайлы Қасым ақын бір шығармасында былай дейді:

«Орал» өлеңін оқу.

4. Қ. Аманжоловты айтқанда ойымызға бірден

«Берсең бер, бермесең қой баспананды,

Сонда да тастамаймын астанамды.

Өлеңнің отын жағып жылытамын,

Өзімді, әйелімді, жас баламды», - деген өлең жолдары оралады.

Ақын тұрмыс қиыншылығын көп көрді. Ең басты қиындық пәтер еді. Келесі өлең жолдарында ақын кешкен тағдырдың боямасыз суреті.

«Баспана» өлеңі оқылады.

5. Сонда сол уақыттағы жағдай солай болды ма, әлде ақынның ауыртпалық көруі біреуге керек болды ма? Қазақтың бірегей ақыны осындай күйді неге кешті, ойларыңызды ортаға сала отырыңыздар;

6. Тағдыр тауқыметін осынша тартып жүрсе де ақын өлеңнің болашағына келер күннің нұрлы сәулесіне иманындай сенеді. Оған куә бізге жеткен жырлары.

Келесі тыңдайтын әндеріңіз «Өзім туралы».

7. Ақынның ғұмырбаянымен таныстық, ән өлендерін тыңдадық, ауыр тағдырын сөз еттік, енді сынға ұшыраған жырларын сөз етсек. Ақын өлендері неге сыналды? Шынымен-ақ сыншылардың көңілінен шықпады ма, әлде тапсырыс солай болды ма?

8. Ақын Отан соғысы туралы да ғажап дастан поэмалар жазды. «Орамал» поэмасынан үзінді.

Көрініс.

Өлең шумақтары оқылады.

Қасым ақын жұртшылыққа өзінің

ақындығы, аудармасымен ғана емес, сонымен қоса әні, домбырасымен, одан қалды скрипка, пианино тартатын әдемі өнерімен де танылған.

Ақын өз өлендеріне ән жазғанды қызық көретін.

«Дариға», «Туған ел» әндері қазіргі таңда жақсы әндердің қатарына қосылады.

Сол әндердің бірі «Туған жер» орындалады.

9. Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі халқымыздың дарында ақыны атақ даңқы кең жайылған Қасым Аманжолов (1911-1955 ж.ж.) ұлттық әдебиетіміздің заңғар аспанындағы жарық жұлдызы, мәңгі сөнбес шамшырағы еді. Өмірден ерте кеткенмен ол болашақ ұрпаққа мол мұра қалдырды. Бейбіт өмірді, қан майданды, туған жер мен ата-ананы, достық пен махаббатты, көңіл-күй мен табиғатты биік парасаттылықпен шынайы сезіммен зор тебіреніспен жырлады.

Күніне жүз ойланып, мың толғанып өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп жырлаған Қ. Аманжоловтың шығармашылық кеші осымен аяқталды.

**Света БАЙМАНОВА,
Облыстық тілінде ауыр кемістігі
бар балаларға арналған арнайы
мектеп-интернатының
кітапханашысы.
Түркістан қаласы,
Түркістан облысы.**

13 жас – балалық шақ

Сабақтың мақсаты: оқушыларға алғашқы мүшел жас жөнінде жан-жақты ұғым бере отырып, оларды ұлттық салт-дәстүр негізінде саналыққа тәрбиелеу. Халықтық педагогиканы насихаттау.

Көрнекіліктер:

1. Ата — асқар тау,
Ана бауырындағы бұлақ.
Бала жағасындағы құрақ.
2. Жастық шақ әсем зат, жастардың оңды-солды шашуы — қылмыс.
(Б. Шоу)

3. 25 жас — жастық шақ;
4. 37 жас — жігіттік жас;
5. 49 жас — орта жас;
6. 61 жас — ақсақалдық;
7. 73 жас — қарттық;
8. 85 жас — кәрілік.
9. «Ақ тілектер бұрышы» газет.

Шақыру. Құрметті: Ата-Ана,
Туғанда құлыным деп аялаған,
Сіздердей аяулы адам қайда маған.
Дүние аналармен көрікті ғой,
Сіздерсіз бұлбұлдар да сайрамаған.
Сіз(дер)ді 13 жас «Балалық мүшел жас» тойымызға шақырамыз!

Жүргізуші:

Бүгін бізде үлкен той,
Ән айтайық, билейік
Бүгін бізде мүшел той.
Көңілденіп қайтайық!
Шашу шашсын әжелер,
Тойымызды бастайық! (*Шашу шашылады*).

Батамен ел көгерер.
Жаңбырмен жер көгерер — деген,

бата беру рәсімі жасалады.

(Үлкен әке немесе әже бата береді)
«*Туған күн кешінде*» әні орындалады.

Жүргізуші: Ортаға қыс айында туылған өрендерді шақырайық! (*Өздерін таныстырады*).

өздерінің ала келген өнерлерін көрсетеді.

1. Көркем сөз.
2. Тарих сабағында (*скетч*).

Жүргізуші:

Ал, көктемде жадырап табиғаты,
Шуағына бөледі адамзатты.
Шыр етіп дүние есігінен,
Әкелді мынау тұрған балаларды
Мінездері шуақтай шырай алған.
Қошеметтеп қоялық балаларды.
(*Көктемде туылған өрендерді ортаға шығарып, өздерін таныстырады*)

1. Көркем сөз «Көктем туралы»;
2. Скетч;
3. Күй;
4. Ән.

Жүргізуші:

Жазда жайнап, көлдерге қаз қонатын,
«Шілдеhana» жазда да көп болатын.
Үлкен-кіші ауылда ат шаптырып,
Ұзақ түнде той-тойлап мәз болатын,
— міне, алдарыңызда жаздай жайраңдаған жайдары мінезді ұлымыз бен қызымыз. (*Өз өнерлерін көрсетеді*)

Жүргізуші:

Сарғайып жапырақтар тұнған шақта,
Күз келіп, күрең тартып күзгі бақта.
Береке қамбамызға құйылғанда,

Жарқ етіп дүниенің есігінен,
Ағыл-тегіл ырысын ала келген.
Ұл-қыздары міне, қазір ортамызда.

Күз айында туылған өрендерді қо-
шеметпен ортаға шақырамыз. *(Өздерін
таныстырады)*

- Келесі кезекті би жарысына бере-
міз.

Жүргізуші: Өмірге алғаш шыр етіп
келгенде, жас сәбидің кіндігін кесіп,
ата-анасынан бұрын қуанған кіндік
шеше бәрінен де ыстық. Сөз кезегін
кіндік шешеге берейік.

Адам бар ма ұстазсыз білім алған,

Не бір ғалым, шешен де шәкірт бол-
ған.

Әрбір сөзі, ақылына бас игізген,

Сөз кезегі апай мен ағайлардан.

Сөз мектеп директоры мен мұғалім-
дерге беріледі.

Жүргізуші:

Келгенде жасқана мектепке,

Басымнан сипаған жымып.

Алғашқы әріпті үйреткен,

Жаныма шуақты нұр құйып.

Алғашқы ұстаз! Бұл есім әрқашан
ыстық, ұмытылмас бейне. Сөз кезегі
алғашқы ұстаздарда!

Ән: Шәмші әндерінен қысқа қайы-
рымдар.

Жүргізуші:

Асқар тауға тең келер әкелерім,

Қияға ұшар болсам, жетеледің.

Ұшырып қыраныңды алыс—алыс,

Тіледің ұл-қызыңның сен тілегін

Бүгінгі мүшел тойда айтар енді,

Әкелер тебіреніп, ақ тілегін. *(Әке-
лерге сөз кезегі беріледі).*

«Әке туралы» ән орындалады.

Жүргізуші:

Әке — асқар тау,

Ана — жағасындағы бұлақ.

Бала баурындағы құрақ. Ән өзде-
ріңізге арналады, аяулы ана, ардақты
әке. Қабыл алыңыздар!

Жүргізуші:

Бірге тойлап, бірге өткізер,

Мектептегі кездерін,

Бәрінен де ұмытылмас,

Бәріңнің бірге жүргенің.

7 «Б» сынып оқушыларына сөз ке-
зегін берейік. Олар да өздерінің жүрек
жарды тілегін білдірмекші.

Жүргізуші:

13 жыл бір айналғанда бір мүшел
толады. Бірінші мүшел — 13 жас, оған
тағы 12 жыл қосылғанда екінші мүшел
болады. Екінші 12 жыл қосылғанда
үшінші мүшел толады екен. Ендеше,
үшінші мүшел 37 жас иесі ортамызда.
Ол біздің қамқоршымыз, яғни, сынып
жетекшіміз. Сөз апайымызға беріледі.

Жүргізуші:

Бір жылда дүниеге келіпсіңдер,

Төрт мезгілге әрбірің серіксіңдер!

Алдарыңнан әрқашан күн күлімдеп,

Мүшел жаста аман боп кездесіңдер!

Айкөркем ЖҰМАҒАЛИ,
С. Жаңғабылов атындағы орта
мектептің,
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің
мұғалімі.

Тұщықұдық ауылы,
Исатай ауданы,
Маңғыстау облысы.

Жыл көшбасшысы



Айгерім
Құралханқызы
АУЕЗХАНОВА,
«Қызыларай
ЖОББМ» КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі, тәлімгері.
Ақтоғай ауданы,
Қарағанды облысы.

Мақсаты: Оқушылардың пәндерге қызығушылығын арттыру, жыл бойында алған білімдерін тиянақтау, жинақтау, пысықтау. Олардың білімдерін тексеру жолдарын түрлендіре отырып, логикалық ойлауларын қалыптастыру. Тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, алғырлыққа баулу.

- Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, білімге құштар жас өрендер! Болашаққа жетелейтін білім сайысы, шапшаңдыққа үйрететін білім додасы жоғарғы буынға арналған «Жыл көшбасшысы» интеллектуалдық сайысына қош келіпсіздер!

Ешқашанда білім көптік етпеген,
Талапсыз жан мұратына жетпеген.
Сәлем бердік өрендерге талапкер,
Дос көңілден, адал, аппақ ниетпен.
- деп сайыскерлерімізді сайыс алаңына шақырамыз.

Әділқазы, ақ қазыға бір сәлем,
Әділдікке бас иеді күллі әлем.
Жүйрік озар сайыстарда неше бір,
Сарапқа сал, әділдікпен шеше біл.
Енді сайыскерлеріміздің білімдерін сараптап, әділ баға берушілермен таныстырып өтейін.

Сайыс «Бәйге», «Тіл өнері», «Ғажайыптар», «Жорға» атты 4 кезеңнен тұрады.

Сайыс ережесі: II және III кезеңдерден кейін ұпайы төмен 1 оқушыдан шығарылып отырады. Сайыскерлердің шапшаңдығы, мұқияттылығы сұралады. Егер сұрақтың жауабын біліп тұрған болса, тетікті басу арқылы жауап беру керек. Ал, сұрақтың жауабын білмеген жағдайда жауаптың жоқтығын айтып, қарсыластарына мүмкіндік беру керек.

I кезең — «Бәйге». Бұл кезеңде жалпы 15 сұрақ қойылады, әр дұрыс жауап 5 ұпаймен есептеледі.

1. Мезгіл үстеуі қандай сұрақтарға жауап береді? (Қашан? Қашаннан бері?)

2. Бойына жарық толтыратын сызық? (Сәуле)

3. Лалагүл тұқымдас өсімдіктер не арқылы тозанданады? (Бунақденелілер арқылы)

4. Атмосфералық жоғарғы қабаттарын зерттеуге арналған құрал? (Радиозонд)

5. Қаңлы билеушісінің титулы? (Хан)

6. Гук заңын ата? ($F = -Rx$)

7. «Кез болу» фразеологизмінің мағынасы? (Тап болу)

8. Дененің өзінің алатын үдеуіне ықпал ететін қасиеті? (Инерттілік)

9. 1972 жылы неміс автономиясының орталығы ретінде жоспарланған қала? (Ерейментау)

10. Қызылбояу өсімдігінің сабағы қандай? (Жабысқақ)

11. Тамырсыз жапырақты сабағы бар нәзік ұсақ өсімдіктер? (Мүктер)

12. Ерімейтін негіздер не деп аталады? (Сілтілер)

13. «Қазақ» газеті алғаш рет жарық көрген жыл? (1913 жыл)

14. Алғашқы қазақ хандығы құрылған жер? (Жетісу)

15. Литосфералық тақталар нешеге бөлінеді? (2; құрлықтық, мұхиттық)

II кезең — «Тіл өнері». Бұл кезеңнің шарты бойынша жасырылған жұмбақтың шешуін тауып, оның орыс тіліндегі және ағылшын тіліндегі баламасын айту керек. Әр тілдегі дұрыс жауап 10 ұпаймен бағаланады. Осы кезеңнен кейін ұпайы төмен бір оқушы сайыс алаңынан босатылады.

1. Көк майсада тор үйді
Он көкпаршы ториды.
Қуған жағын кіргізбей,
Он бір батыр қориды. (Футбол, футбол, football)

2. Екі айнасы бар,
Екі найзасы бар,
Төрт сылдырмағы бар,
Бір шыбыртқысы бар. (Сиыр, корова, cow)

3. Шымыр керім,
Жұмыр өрім. (Жылан, змея, snake)

4. Тау-тау қар жатыр алқапта,
Бірақ ерімес аптапта. (Мақта, хлопок, cotton)

5. Табанға қанжар байладым,
Бетіне айна ойнадым. (Коньки, коньки, skate)

III кезең — «Ғажайыптар». Бұл кезеңнің шарты бойынша сайыскерлер үш тақырыптағы ұяшықтарды таңдайды. Сол ұяшықтардағы сандық көрсеткіштер бойынша ұпай сандары есептеледі. Осы кезеңнен кейін де

ұпайы төмен бір оқушы сайыс алаңынан босатылады.

Математика ғажайыптары: 10 20 30

1. Тікбұрышты үшбұрыштың ауданы? ($S =$ екіден бір ab)

2. Қатар тұрған үш санның қосындысы да, көбейтіндісі де 6-ға тең. Бұл қандай сандар? (1, 2, 3)

3. Қасқырдың жылдамдығы 15 м/с болса, онда ол жылдамдығы 72 км/сағ киікті қуып жете ала ма? (Жоқ, өйткені 72 км/сағ — 20 м/с, ал қасқырдың жылдамдығы 15 м/с)

Тарих тағлымдары: 10 20 30

1. «Алаш» партиясы нешінші жылы құрылды? (1917 жылы)

2. Қазақ халқының 1000 әнін жазған композитор? (Затаевич)

3. Қазіргі Иранның солт. шығыс бөлігінде орналасқан ежелгі мемлекет? (Ассирия)

Логика әлемі: 10 20 30

1. Мектепте келе жатқан 5 балаға қарсы жолда тағы төрт бала жолықты. Мектепке неше бала барды? (5 бала)

2. Екі санның қосындысы 8-ге тең, айырмасы 5-ке тең, көбейтіндісі 15-ке тең. Олар қандай сандар? (3, 5)

3. Дүниедегі ең жүйрік не? (Күннің сәулесі)

IV кезең — «Жорға». Бұл кезеңде қалған екі оқушыға 10 сұрақтан қойылады. Әр дұрыс жауап 5 ұпаймен есептеледі. Оқушылар шапшаңдық танытып, сұраққа жауап беру керек. Сұрақтың жауабы болмаған жағдайда келесі сұрақты қоюға мүмкіндік беру керек.

Бірінші оқушыға

1. Екінші текті электр өткізгіштер? (Иондар)

2. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында дүниеге келген жырау кім? (Жиенбай жырау Дүзбенбетұлы)

3. Қарақытай астанасы? (Баласағұн)
4. Қалдық көлдер қандай көлдер? (Каспий, Арал)
5. Натрий сульфатының формуласы? (Na_2SO_4)
6. Әдебиеттің тектері? (Эпос, лирика, драма)
7. Дене жасушаларының бөлінуі қалай аталады? (Митоз)
8. Ертістің сол жақ саласы? (Есіл өзені)
9. Қазақстан жеріндегі жас платформалар? (Батыс Сібір, Тұран)
10. Мидың шеткі бөлігі? (Көз)

Екінші оқушыға

1. Азотты ашқан ғалым? (Э. Резерфорд)
2. Бүкіләлемдік тартылыс күшінің көрінісінің бірі? (Ауырлық күші)
3. Дисфемизм дегеніміз не? (Дөрекі сөйлеу)

4. Еуразияның шығыс жағалауын шайып жатқан мұхит? (Тынық мұхиты)
5. Астана Алматыдан Ақмолаға көшірілген жыл? (1997 жыл)
6. Көркем шығарманың құрылысы? (Композиция)
7. Саусақтың көлденең қалыңдығы? (Елі)
8. 1 радиан қанша градусқа тең? ($57,3^\circ$)
9. Қазақстан Республикасы Парламентінің жоғарғы палатасы? (Сенат)
10. Бейағзалық заттарды ата? (Су, минералды тұздар)

Қорытынды.

- Осымен, сайысымыз аяқталды. Жыл жеңімпазы 11-сынып оқушысын жеңісімен құттықтап, алдағы күндеріне сәттілік тілейміз.

Жүзден жүйрік



Г.Б. ЖУМАБЕКОВА,
Шәкәрім атындағы үш
тілде оқытатын
көпбейінді гимназияның
тарих пәні мұғалімі.
Семей қаласы,
Абай облысы.

Мақсаты: тарихи-танымдық сайыстар арқылы оқушылар белсенділігін арттыру, ұлттық тарихымызға, салт-дәстүрімізге шолу жасау, білімін шыңдау.

- Құрметті оқушылар, ұстаздар!

«Алау» фокус-тобының апталығы аясында 9 «а» сыныбында ұйымдастырылып отырған бүгінгі «Жүзден жүйрік» атты интеллектуалдық сайысқа қош келдіңіздер! Сайысқа қатысатын топтармен таныс болыңыздар!

1. «Жеті Жарғы» тобы; 2. «Алтын Орда» тобы; 3. «Дала Жолы» тобы.

Сайыскерлерге сәттілік тілейміз!

Сайыс 4 кезеңнен тұрады:

1-кезең. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар». Әр дұрыс жауап — 10 ұпай.

1-топ «Жеті Жарғы» тобына:

1. «Жеті Жарғы» Заңдар жинағының авторы (Тәуке хан)

2. Қазақ тарихындағы тұңғыш биші қыз (Шара Жиенқұлова)

3. 31 мамыр қандай күн? (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні)

4. Е. Пугачев көтерілісінің қамтыған уақыты? (1773-1775)

5. Жылылық үшін етіктің, мәсінің ішінен киетін, киізден тігілетін аяқ киім. (Байпақ)

6. ҚР туының авторы (Ш. Ниязбеков)

7. Жошы хан кесенесі Қазақстанның қай аймағында орналасқан? (Орталық Қазақстан)

8. Абай Құнанбаевтың шын есімі (Ибраһим)

9. Этнография деген не? (Халықтың тұрмысын, мәдениетін, тарихын, қоғамдық дамуын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттейтін ғылым саласы)

10. 40 өтірік айтқан бала (Тазша бала)

2-топ «Алтын Орда» тобына:

1. «Яса» («Жасақ») заңдар жинағының авторы? (Шыңғысхан)

2. Қазақ хандығының негізін салушылар? (Керей мен Жәнібек хандар)

3. 22 қыркүйек қандай күн? (Тілдер мерекесі)

4. И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы бастаған көтерілістің қамтыған уақыты? (1836-1838)

5. Күміс не алтын теңгелер, тиындар қадалған шашпау қалай аталады? (Шолпы)

6. ҚР Елтаңбасының авторы? (Ш. Уәлиханов, Ж. Мәлібеков)

7. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі орналасқан аймақ? (Түркістан қаласы)

8. Шыңғысханның шын есімі? (Темучин)

9. Нумизматика деген не? (Тиындар, құйма ақша кесектері, т.б. ескерткіштер (тиын мөрлері, құжаттар) арқылы тиын соғу, ақша тарихын зерт-

тейтін тарих ғылымының бір саласы)

10. Жеті қазынаның бірі? (Ит)

3-топ «Дала Жолы» тобына:

1. «Есім ханның ескі жолы» заңдар жинағының авторы? (Есім хан)

2. Қазақтың тұңғыш шешені кім? (Жиренше — 15 ғ.)

3. 30 тамыз қандай күн? (Конституция күні)

4. С. Датұлы көтерілісінің уақыты? (1783-1797)

5. Жылқының тосырқамауы үшін немесе мұздан таймауы үшін тұяғына тағылатын ат әбзелі? (Таға)

6. ҚР Әнұранының авторы? (Ж. Нәжімеденов, Н. Назарбаев; Ш. Қалдаяқов)

7. Айша бибі кесенесі қай жерде? (Жамбыл облысында, Тараз қаласында)

8. Абылай ханның шын есімі қалай? (Әбілмансұр)

9. Адамзаттың өткен тарихын материалдық жәдігерлер арқылы зерттейтін ғылым? (Археология)

10. Ешкі малы тартылатын ұлттық ойын (Көкпар)

2-кезең. «Тарихқа саяхат» (Ұяшық таңдау арқылы сұрақтарға жауап беру)

1. «Тарихи тұлғалар»:

10 ұпай: 1771-1781жж. билік құрған қазақ ханы (Абылай хан)

20: Қазақта тұңғыш генерал атағын алған және мектеп ашқан кім? (Жәңгір Бөкейханұлы)

30: 1710 жылы Қарақұмдағы халық жиналысында Кіші жүз әскерінің қолбасшысы әрі ханы болып сайланған хан (Әбілқайыр хан)

40: Әйгілі тарихшы, әдебиетші, Қазақ хандығының қалыптасу тарихы жөнінде аса құнды деректер беретін «Тарихи Рашиди» еңбегінің авторы (Мұхаммед Хайдар Дулати)

2. «Тәуелсіз Қазақстан»:

10 ұпай: ... - символы, қазақ халқының қайта өрлеуі мен түлеуінің, мемлекеттілігінің, биіктік пен тереңдіктің, кеңдіктің белгісі, дархандықтың көрінісі іспетті Астанадағы архитектуралық құрылыс кешені («Бәйтерек»)

20: 2011 жылы 1 желтоқсанда ашылған Қазақстан бойынша алғашқы, Орталық Азия бойынша екінші (Ташкент) метрополитен Қазақстанның қай қаласында орналасқан? (Алматы)

30: «Менің Қазақстаным» әні мемлекеттік әнұран ретінде қашан қабылданды? (2006 ж. 7 қаңтар)

40: Қай елде біздің президентімізге арнап ескерткіш орнатылды? (Түркия, Анкара қаласы)

3. Салт-дәстүр:

10 ұпай: Базарлық дегеніміз қандай салт-дәстүр? (Алыс сапарға саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлестеріне, көрші-көлемдеріне, сыйлас адамдарына, жас балаларға ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеледі. Оны «базарлық» деп атайды. Бұл жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі және ескерткіші ретінде қабылданады)

20: Сүйінші дегеніміз? (Қуанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші, сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл қуанудың, ризалықтың белгісі)

30: Ерулік дегеніміз? (Ауылға басқа жақтан отбасы көшіп келсе, көршілері ол үйді қонаққа шақырып, дәм-тұз тартуы)

40: Өмілдірік дегеніміз не? (Ер-тоқым әбзелдерінің бірі. Ер жылжып кетпес үшін аттың кеудесіне кигізіледі. Оны қазақ шеберлері қатты құрым теріден немесе қалың былғарыдан жасап, қайып тіккен, құйма әшекей зат-

тармен безендірген. Кейбір өмілдіріктердің тері негізінің астына киіз, шұға салынады)

4. Әр түрлі сұрақтар:

10: Қазақстанның атын әлемге паш еткен этно-рок музыкалық ансамблі («Ұлытау»)

20: 1822 жылы қабылданған «Сібір қазақтарының Жарғысының» авторы (Сперанский)

30: Қазақстан ХХХ жазғы олимпиада ойындарында неше медаль иеленді? (13)

40: Әлемнің 7 кереметін ата:

1. Мысыр пирамидалары. (Мысыр)
2. Семирамида аспалы бағы. (Вавилон)
3. Галикарнас кесенесі. (Кіші Азия)
4. Артемида ғибадатханасы. (Эфес)
5. Родос алабы. (Родос аралы)
6. Зевс мүсіні. (Олимпия)
7. Александрия шамшырағы. (Мысыр)

3-кезең: «Дода». Қатысушы топтар белгілі бір кәсіп, мамандық бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. (8 сұрақ). Ұпайы төмен топ сайыстан шығады.

1. «Тәуелсіздік монументі» қай қалада орналасқан? (Алматы)

2. «Айша бибі» кесенесі қай қаланың жанында? (Тараз қаласының)

3. Астана қаласындағы «оттық» (зажигалка) деп аталып кеткен кешен қандай мақсатта пайдаланылады? (Іскерлік орталығы ретінде)

4. «Тәж-Махал» кесенесі қайталанбас сәулет ескерткіштерінің бірі екені мәлім. Осы кесене қай елде, қай қаланың маңында орналасқан? (Үндістан астанасы Дели қаласында)

5. Астанадағы аса көрікті осы ғимарат қалай аталады? (Президенттің әкімшілік үйі «Ақорда»)



6. Атақты қазақ суретшісі, «Түркісіб», «Амангелді сарбаздары» картиналарының авторы? (Ә. Қастеев)

7. Шоқан Уәлихановтың атын әлемге әйгілі еткен еңбегі? («Қашқария очерктері»)

8. Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, Қазақстанның геология ғылымының дамуына үлес қосқан ғалым? (Қ. Сәтбаев)

9. Қазақстанның тәуелсіздігін ең алғаш таныған мемлекет? (Түркия)

10. ҚР Конституциясы ең алғаш қай жылы қабылданды? (28 қаңтар, 1993 жылы)

11. Қазақстандағы облыс саны (14)

12. Мұхтар Әуезовтың бала мен жануар туралы жазған романы? («Көксерек»)

Қорытынды шығару. Жеңімпаз топты марапаттау.

Зерттелмеген аралға саяхат

Мақсаты:

Білімділік: оқушылардың физика пәнінен алған білімдерін толықтырып, жетілдіру;

Дамытушылық: оқушылардың ойлау, бақылау, зерттеу, салыстыру, құрал-жабдықтарды ұқыпты пайдалану қабілеттерін дамыту;

Тәрбиелік: оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру. Адамгершілікке, ұйымшылдыққа, еңбек сүйгіштікке баулу.

Түрі: сайыс сабақ.

Көрнекілігі: сөзжұмбақ, плакаттар, портреттер, приборлар, карточкалар.

Ұйымдастыру:

1. Таныстыру; 2. Бәйге; 3. Портреттер жарысы; 4. Ойлан тап; 6. Раунд-вин;

7. Физикалық понтомимо; 8. Жұмбақтар; 9. Қорытынды.

1-жүргізуші:

Армысыздар ағайын,

Ағайын тілін табайын.

2-жүргізуші:

Есенбісіз ұстаздар,

Шаршамайтын қыс-жаздар.

1-жүргізуші:

Сайысқа келген сайланып,

Отырам деп жайланып.

2-жүргізуші:

Көрермендер аман ба,

Отырған анау ойланып.

1-2-жүргізуші: Бәріңізге бір сәлем!

1-жүргізуші:

Біліммен сайысады топтар мына,

Алға озар ең мықтысы осы жолда.

2-жүргізуші: Топтарды қошеметпен

қарсы алайық.

1-жүргізуші:

Қолына қалам алатын,

Әділ баға беретін.

2-жүргізуші:

Еңбекті әділ бағалар,

Әділқазы ағалар.

Әділқазылармен таныстыру.

1-жүргізуші: Физиканы үйренем

деушілерге;

2-жүргізуші: Физиканы білмек ойы

барларға;

1-жүргізуші: Физикаға құмарлығын арттыруға талпынушыларға;

2-жүргізуші: Бүгінгі болатын сайысымызды арнаймыз.

1-жүргізуші: Физика — табиғат туралы ғылым.

2-жүргізуші: Физика — экспериментальды ғылым.

1-жүргізуші: Физика — үнемі алға ұмтылған ғылым.

1-2-жүргізуші: Зерттелмеген аралға саяхат.

1-жүргізуші: Топтар өздерін таныстырсын.

2-жүргізуші: Физика — адамның табиғат заңдарын танып білуге деген табиғи ұмтылысын түсіндіретін табиғат жайлы ғылым.

1-жүргізуші: Сайысымыздың екінші кезеңі «*Бәйге*». Сайыскерлер сұрақтарға тез-тез жауап беру керек. Дұрыс жауап бір ұпаймен бағаланады.

1. Сандыққа нені тығып қоюға болмайды? (Жарық)

2. Массасы 1 кг дененің салмағы неге тең? (9,8 Н)

3. Егер кеседегі судың бәрін ішіп қойсақ ішінде не қалады? (Ауа)

4. Орнынан қозғалмай не өтіп барады? (Уақыт)

5. Қасқырдың жылдамдығы 15 м/с болса, онда ол жылдамдығы 72 км/сағ киікті қуып жете ала ма? (Жоқ, өйткені 72 км/сағ — 20 м/с, ал қасқырдың жылдамдығы — 15 м/с.)

6. Дүние жүзіндегі ең үлкен құс? (Түйеқұс)

7. Елеуішпен су әкелуге бола ма? (Болады, қар, мұз күйінде)

8. Қандай ыдысқа су құйылмайды? (Су толы ыдысқа)

9. Үстіне құм, не құл сепсек қар тез ериді, неге? (Қара түс күн сәулесін тез жұтады)

10. Қияр ыстық суда әлде суық суда тез тұздала ма? (Ыстық. Диффузия ыстық суда тез тарайды)


11. Абайдың табиғат тақырыбына жазған қандай өлеңдерін білесіңдер?

Топтар кезекпен:

1. «Жазғытұрым»; 2. «Күз»; 3. «Жаз»; 4. «Қараңғы түнде тау қалғып»; 5. «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай»; 6. «Желсіз түнде жарық ай»; 7. «Қыс»; 8. «Қансонарда бүркітші шығады аңға».

2-жүргізуші: Физика табиғат туралы ғылым ретінде алғаш рет гректің ұлы ойшылы Аристотельдің шығармаларында баяндалды. Физика грекше *фюзис* — табиғат дегенді білдіреді. Физика ғылымында көптеген ғалымдар жаңалықтар еңгізді. Сол туралы біздің сайыскерлеріміз не айтар екен.

1-жүргізуші: Келесі кезең «*Портреттер жарысы*». Бұл сайыста физик — астроном ғалымдардың портреттері көрсетіледі, қай ел ғалымы, аты-жөні, қандай заңдылықтарды ашқаны туралы табу керек.



1. Н. Коперник — Поляк ғалымы, гелиоцентрлік жүйе.

2. Г. Галилей — Италиян ғалымы, инерция құбылысы.

3. И. Ньютон — Ағылшын ғалымы, бүкіл әлемдік тартылыс заңын ашты.

4. Б. Паскаль — Француз ғалымы, қысым.

2-жүргізуші: Өткен дәуірлерге қарағанда біздің заманымыздың өзіне тән екі ерекшелігі бар. Біріншіден ғылым мен техника үлкен қарқынмен дамып келеді. Екіншіден ашылған ғылыми жаңалықтар адамзат игілігіне айналып жедел түрде өнеркәсіп пен тұрмысқа енгізіліп отыр. Техниканың қарышты дамуына физиканың қосқан үлесі орасан зор, сондықтан да техниканың негізі — физика деген пікір берік қалыптасты.

1-жүргізуші: Келесі сайысымыздың аты «*Ойлан тап*». Бұл сайысымыз физикаға өзіндік үлес қосқан ғалымдар жайлы болады.

4. Қазақ ғарышкері? (5)

5. Радиоактивті қозғалыс заңдарын зерттеген ғалым инженер? (3)

6. «Физика» сөзінің мағынасын байытуда тарихта екінші ұстаз атанған ұлы бабамыз? (2)

2-жүргізуші: Табиғат құбылыстарын теориялық және эксперименттік тұрғыдан зерттеу физиканың негізі болып табылады. Олардың нәтижесінде континенттермен адамзат баласын жақындастыратын көлік пен байланыс жүйелерінің жаңа түрлері пайда болды, ғарышты игеру басталды, жасанды биологиялық түрлер дүниеге келе бастады.

1-жүргізуші: Келесі сайысымыз «*раундровин*». Әр топқа қағаздар беріледі, жазып болғаннан кейін әділқазыларға табыстайды. Уақыт 1 мин.

(«Физика» пәніне байланысты сөздер жазу керек. Олар бір-бірімен байланысуы керек).

Мысалы: Электррадиооптикамперметр резистор ракетатом механика



1

2

3

5

4

6

1. А.С. Попов; 2. Әбу Насыр әл-Фараби; 3. К.Э. Циолковский; 4. М. Ұлықбек;

5. Т. Әубәкіров; 6. Аристотель.

1. Ғылымға «физика» деген сөзді енгізген ғалым кім? (6)

2. Самарқанда астрономия саласында өшпес із қалдырған кім? (4)

3. Ең алғаш радионы ойлап тапқан орыс ғалымы кім? (1)

2-жүргізуші: Келесі кезеңіміз «*Физикалық пантомимо*». Бұл сайыста үстелден келіп әр топ үш карточкадан алады да, қимыл арқылы бір топ екінші топқа физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды көрсетеді.

1. Өткізгіштерді қосу; 2. Молекулалар қозғалысы; 3. Денелердің тартылысы; 4. Қайнау;

5. Инерция; 6. Үйкеліс күші.

1-жүргізуші: Келесі бөлімде «жұмбақ» айтылады, жұмбақ шешілу керек және оның жауабы үш тілде айтылу керек.

1. Аса кажет өмірге халық үшін,
Пайдаланамын күн сайын жарық үшін. (Ток, ток, energy)

2. Жоқ өзінде бас та, қас та, мойында,
Ұзындығы жазулы тұр бойында.

(Сызғыш, линейка, ruler)

3. Суға салсаң батпайды,
Отқа салсаң жанбайды. (Мұз, лед, ice)

4. Жақтаулар арқылы шектелген экрандағы төртбұрышты аймақ. (Терезе, окно, window)

5. Алды-артымыз шексіз де,
Жете алмайсың біздерге.
Сәуле менен кесінді,

Шыққан тегін білсін бе? (Түзу, прямая, straight)

6. Меню жолындағы жұмыс кезінде ұқпай қалған нәрсені сұрайтын команда (анықтама, справка, question)

2-жүргізуші:

Білім деген биік шың,
Бақытқа сені жеткізер.

1-жүргізуші:

Білім деген ақылшың,
Қиындықтан өткізер, - деп бүгінгі сайысымызды аяқтаймыз.

**Анар Жаманқызы КАНАФИНА,
С. Торайғыров атындағы №22
гимназия мектебінің
физика пәні мұғалімі.
Екібастұз қаласы,
Павлодар облысы.**

Тапқырлар тартысы



**Перизат Серикказиновна ТУРАРОВА,
«Сұлутал бастауыш мектебі» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі.
Тарбағатай ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы.**

Мақсаты:

Оқушылардың Тәуелсіз еліміздің тарихын білуге деген қызығушылықтарын арттыру, ой-өрісін іс-жүзінде шыңдау, есте сақтау, сөйлеу мәнерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Тәуелсіз еліміздің шынайы патриоты болуға, өз Отандарын сүйуге, құрмет тұтуға тәрбиелеу;

Бір-бірімен достық, ынтымақтастықта болуға баулу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайд, кесте.

Сабақ барысы:

- Қадірлі ұстаздар, әділқазылар және оқушылар!

3-сынып оқушылары арасында өткелі отырған «Тапқырлар тартысы»

атты интеллектуалдық сайысқа қош келдіңіздер!

1-жүргізуші:

Жер бетінде адам өмір өткізер,
Бар нәрсеге біліммен қол жеткізер.
Бар ізгілік тек білімнен алынар,
Білімменен аспанға жол салынар, -
деген екен Жүсіп Баласағұн.

Қазір біз, осы уақытқа дейін алған
білімімізді көрсетіп, өнерімізді, білі-
мімізді саралап, санамыздың өскенін,
сөз байлығымыздың молайғанын көр-
сетейік.

2-жүргізуші:

Сәлемдесу — игі дәстүр киелі,
Сөзбен қарап, кейде шешер шиені.
Жақсы сөзге жан семірер қашанда,
Жолданады сайыскерлер сәлемі.
Сонымен, сайысқа қатысушылар өз
сәлемдерін жолдайды:

I топ: «Қыран»

Біздің топ: «Қыран»
Қайтпас қайсар ерлігі,
Ұлан болғым келеді.
Самғап ұшар биікке,
Қыран болғым келеді.

II топ: «Тұлпар»

Біздің топ: «Тұлпар»
Асау тұлпар желдей ескен арынды,
Оқу менен еңбекке сал барынды.
Болашақтың ұрпағымыз сенімді,
Көрсетпекпіз мектепте алған білімді.

1-жүргізуші:

Біреу озса сайыста, біреу артта қала-
ды,

Ренжімей тараса, озбағандар жара-
ды.

Жарыс заңы ежелден — жеңімпазды
анықтау,

Озат болу шарты сол — еңбектену,
жалықпау», - дей келе, сайысымыз-
дың кезеңдерін таныстырып өтейік.

2-жүргізуші:

I. Бәйге;

II. Тіл — өнер;

III. Кім тапқыр?

IV. Тәуелсіздікке тарту.

- Енді сайысымызды бағалау үшін
құрылған әділ қазылар алқасымен та-
ныстырып өтейік.

1-жүргізуші:

Бәйгеге түсіп жарыспай,
Жүйріктің бағы жанар ма?
Білім мен өнер жарысып,
Тәрбие білім табар мән.
Бұл бәйге, ойдың бәйгесі,
Кім жүйрік ойға, сол алда.

«Бәйге» кезеңінің шарты. Әр топ
нөмірленген кубикті таңдайды, сол
бойынша сұрақтар шығады.

«Тұлпар» тобына:

1. Еліміз қашан тәуелсіздік алды?
(1991ж. 16 желтоқсан)
2. Мемлекеттік Әнұран қашан қа-
былданды? (2006 жылы 6 қаңтарда)
3. Мемлекеттік тудың авторы кім?
(Шәкен Ниязбеков)
4. Шаршының ауданын қалай таба-
мыз? (Шаршы қабырғасының квадра-
тына тең)
5. Шаршының қабырғасының ұзын-
дығы — 7 см. Периметрі қанша? (28 см)

«Қыран» тобына:

1. ҚР Республика күні қашан тойла-
нады? (25 қазан күні)
2. Шаршының периметрін қалай та-
бамыз? (Барлық қабырғаларының қо-
сындысы)
3. Мемлекеттік Рәміздер қашан бе-
кітілді? (1992 жылы 4 маусымда)
4. Елтаңбаның авторлары кімдер?
(Елтаңба авторлары: Жандарбек Мә-
лібекұлы, Шотаман Уәлиханов)
5. Әнұранның авторлары кімдер?

(Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев, Шәмші Қалдаяқов)

2-жүргізуші:

«Білім деген биік шын,
Бақытқа сені жеткізер.
Білім деген ақылшын,
Қиындықтан өткізер.

II кезең. 3 тілде «Тіл – өнер»

Келді кезек жұмбақтарды шешуге,
Жауаптарын беру керек үш тілде.
Қазақ, орыс, ағылшынды білсеңіз,
Жақсы баға, шәкірт, саған несібе.

1-жүргізуші:

Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тілінді құрметте!

Бұл кезеңде берілген тапсырмадағы көп нүктенің орнындағы сөзді тауып, оны екі тілге аударамыз. Орысша, ағылшынша. Жауабын дұрыс тапса 10 ұпай, орыс тіліндегі аудармасы дұрыс болса 20 ұпай, ағылшын тіліндегі аудармасы дұрыс болса, 30 ұпай беріледі. Ұяшық нөмірін тандайсыңдар.

1. Жұт ... ағайынды. (Жеті – семь – seven)

2. Өзі сөйлей білмейді, салған ізі сөйлейді. (Қалам – ручка – pen)

3. Екі қолға ... күрек. (Бір – один – one)

4. Кімнің баласы болма,
Адамның баласы бол. (Атаның – де-душка – grandfather)

5. Өнер алды қандай тіл? (Қызыл – красный – red)

6. Мысыққа ойын керек, ... өлім керек. (Тышқан – мышь – mouse)

7. Тілі бар, үні жоқ,
Өзін адам түсінген,
Жүрегі бар да, қаны жоқ,
Сөйлеп тұрған ішінен. (Кітап – книга – book)

8. Жылт – жылт етеді,
Жылғадан өтеді. (Су – вода – water)

9. Батыр туса – ел ырысы,
... жауса жер ырысы. (Жаңбыр – дождь – rain)

10 ... оттан да ыстық. (Отан – Родина – Motherland)

11. Отансыз ... – ормансыз бұлбұл.
(Адам – человек – human)

12. Туған жердің ... де ыстық, түні де ыстық. (Күн – солнце – sun)

III кезең. Кім тапқыр?

1-жүргізуші:

Көңілді, тапқырлар, білгіштер,
Бар өнерін алдарыңа салады.
Кім білімді, көп оқыған болса, егер,
Бүгінгі күн жеңімпазы болады, - деп келесі кезеңді бастаймыз.

Бұл кезеңде топ жетекшілері сайысқа түседі.

Тәуелсіздік сөзінен жаңа сөздер жасау керек. 2 топтың жетекшілері кезекпен оқиды. Кім көп сөз құраса, сол оқушының тобына 10 ұпай қосылады.

Топ жетекшілері тапсырмаларын орындағанша әр топқа ертегі беріледі, соның мазмұнына сәйкес мақал-мәтел тауып айту керек.

I топ. Алты түлкі.

Ертеде алты түлкі дос болыпты. Біреуінің құйрығы шолақ екен. Құйрығы ұзын бес түлкі:

- «Сенің құйрығың жоқ», - деп келеке қылып, күле беріпті. Сол уақытта шолақ түлкі «осы бес түлкінің де құйрығын шолақ қылып қояйын» деп ойлап, бес түлкіге айтыпты.

- «Біз бір жақсы ойын ойнайық» - деп түлкілерді алып келіп, қарағайға байлап қойып, өзі бір талдың басына шығып түлкілерге:

- «Мына жақта бүркіттер келе жа-

тыр», - дейді де, өзі қаша жөнеледі. Сонда бес түлкі қашамын деп құйрықтарын үзіп, бәрі де шолақ болып қалады. Бесеуі бірдей шолақ болғаннан кейін мазақ етіп, күлмейтін болыпты.

(«Күлме досқа, келер басқа»).

II топ. Атасы мен немересі.

Ата қартайып, күші кеміді, нашар көретін, нашар еститін болды, ішкен тамағын алдына төгетін болды. Не үшін десеңіз, оның аяқ қолы кәріліктен қалтыраушы еді. Шалдың бұл ісі баласы мен келініне ұнамады. Олар шалға алдына жаман дастарқан жайып, тамақты жаман ыдысқа құйып, бөлек беретін болды.

Немересі өзінің әкесіне атамды бөлек отырғызба деуге бата алмайды. Бір күні ол ағаш жонып отырады. Әкесі көріп; «Шырағым, не істеп жатырсың?» - дейді. Сонда баласы: «Аяқ істеп жатырмын, шешем мен екеуің атам құсап қартайғанда, сендерге тамақты осы аяққа құйып беремін», - дейді.

Бұл сөзді естіп, шалдың баласы ұялып, әкесін бөлек отырғызып тамақ беруді қояды

(«Әкеңе не қылсаң алдына сол келер»)

IV кезең. Тәуелсіздікке тарту. Әр топ өз өнерлерін көрсетеді.

2-жүргізуші:

Болашақтың іргесін қалайтын,

Қазақстанның мерейін көтеретін азамат пен азаматшалар сендерсіңдер. Еліміз сендердің болашақтарыңнан зор үміт күтеді. Тек биіктен көрінулеріңе тілектеспіз.

Соңғы кезеңнің ұпай санын және жалпы қорытындыны хабарлау үшін сөз кезегін әділ қазыларға береміз.

1-жүргізуші:

Білімділік пен ізгілікті бойымызға дарыта берейік.

Сендерге әрдайым биік белестер тілейміз!

Марапаттау.

Би – ұлт мәдениетінің биік шыңы

Би— бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады. Халықтың көркемдік ойының бір көрінісі ретіндегі би өнері, өзінің эстетикалық болмысында қа-

зақ жұртының жалпы дүниетанымына сай, арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған. Қазақ халқы ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып, ғасырлар бойы дамытқан.

Биылғы жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданының төл тумасы, қазақтың тұңғыш балеринасы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Нұрсұлу Та-



палованың туғанына 100 жылдығына орай, Сазды тұрғын үй алабындағы №10 модельді кітапхананың ұйымдастыруымен «Би өнері әлемнің рухани елшісі» атты Сазды мәдениет үйінің «Үлгілі» атағын алған «Шабыт» би ансамблінің жетекшісі Айгерім Аманжанқызы Жарылғасыновамен кездесу кеші өткізілді. Қазіргі таңда би өнерін дәріптеп жүрген би ұжымдары баршылық, солардың бірі де бірегейі, жаңа ғасырдағы жаңаша бағытты ұстанып, өз өнерімен халық мұрасын насихаттап жүрген мәдени ұжымдардың бірі – «Шабыт» би ансамблі және көркем-

дік жетекшісі Айгерім Аманжанқызы. Би ұжымы 2008 жылы Ақтөбе қаласы, «Сазды» мәдениет үйі МКҚК жанынан құрылған. Би өнерін қадірлеп сақтаумен айналысып, оны дамытып, байытып келе жатқан Әлия Молдағұлова атындағы гуманитарлық колледжінің түлегі Айгерім Аманжанқызы Жарылғасынова ұжымның жетекшісі. Айгерім өзінің би және педагогикалық тәжірибесін, күн сайын жастардың қазіргі заман талабына сай би өнерімен ұштастыруда.



«Шабыт» би ансамблі өздерін жыл сайын жаңа қырынан танытып, көрермендерін қайталанбас жаңа қойылымдарымен қуантып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлаудан шаршаған емес. Жеткен жетістіктерін айтпағанда ұжымның алға қойған мақсаттары өте көп. Репертуарлары әр алуан. Үлгілі ұжымның репертуарында «қазақ», «орыс», «өзбек», «татар», «цыган», «ұйғыр»,



«Хорезм», «Ертұран», «Ерке сылқым», «Шолпы», «шашу», «кукушка», «ерлер биі», «павлин», «ыңғайтөк», «чунга-чанга», «қызғалдақтар» тағы басқа жүздің үстінде би түрлері бар. Облысымыздың мәдениеті мен дамуына зор үлесін қосып жүрген ұжым, республика аумағында ұйымдастырылып жатқан түрлі шаралардан қалыс қалмай, Ақтөбе өнерін паш етуден жалыққан емес. Айгерім қазіргі таңда шәкірт тәрбиелеумен де айналысып жүр. Шәкірті Дильназ Батуханқызы ұстаздан алған мол тәжірибесімен республикалық, облыстық, қалалық жарыстардың көркін аша түсуде.

Айгерім жұмыспен қатар бала тәрбиесін де қатар алып, бүгінгі күні 5 баланың анасы.

Жалпы өнерде шекара жоқ. Ал, би — ортақ өнер. Ол қай елдің сахнасында орындалса да, жүрекке жетеді, көңілді көтеріп, адам жанын рухани ләззатқа бөлейді. «Шабыт» би ансамблінің әлі де шығар биігі мен алар асулары алда екеніне сене отырып, толағай табыс тілейміз.

Айнұр Әбдіқызы ТАҒАН,
Сазды тұрғын үй алабындағы
№10 модельді кітапхананың
кітапханашысы.
Ақтөбе облысы.

Еңбектің бейінемі – зейінемі



Ғалымкүл
Диханбайқызы
ҚҰЛТАЙ,
№40 ЖББМ
бастауыш сынып
бірлестік жетекшісі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.

Ақыл-парасат пен өнеге-өсиеттің шырағы болған қазыналы қарттар күніне орай, Алматы қаласындағы №40 жалпы білім беретін мектепте «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», – деп ұлы Абай атамыз айтқандай, күллі өмірін шәкірт тәрбиелеуге, оқушыларын білім нәрімен сусындатуға арнаған, мектеп атты алтын ұяның ті-

регі бола білген зейнеткер апайларымызбен 1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай кездесу болып өтті.

Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету — ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Мемлекеттің тарапынан Қазақстанда ардагерлердің жақсы өмір сүруіне көп көңіл бөлінуде. Зейнеткер Сыдықова Сандуғаш Муптальявна, Киргизбаева Мариям Молдазимовна, Қасымбекова Шарипа Абайбековна, Ағыбаева Жаңыл Бурханқызы апайларымыз педагогика саласында 40 жылдан астам еңбек еткен жандар. Өздерінің теориялық білім шеберлігі, іскерліктері, ізденімпаздығы арқасында мол тәжірибе



бейнеттің зейнетін көріп жатқан апайларымыз бүгінгі күннің анық шежіресі. Кездесу оқушылардың, әріптестердің жүрек жарды тілектерімен жалғасты. Оқушылар зейнеткер ұстаздары-

жинақтады. Оқытқан шәкірттері қазіргі таңда әр түрлі салада еңбек етуде. Ұстаз бойындағы ерекше қасиеттердің бірі — мейірбандығы, бұл қасиет зейнеткер апайларымыздың бойынан табылады, сол себептен де болар, шәкірттері мен әріптестері ол кісілерді өте жақсы көреді, әрі сыйлайды, әрі құрмет тұтады.

Қазіргі таңда зейнеткер апайларымыз әр отбасында арқа тұтар әжелері болып отыр. Олардың әрбір айтқан ақылдары жас ұрпақтың өсіп-өркендеуіне мол үлесін тигізеді. Сабырлық, қарапайымдылық қасиеттерімен кейінгі ұрпақты Отанымызға адал қызмет етуге, айналадағы адамдардың өмірге, қоғамға деген оң көзқарасын қалыптастыруға үйретуде. Қазақта «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген жақсы сөз бар. Аталы сөзді ұрпаққа аманаттап жүрген ардақты қариялар қоғамның басты байлығы әрі ажырамас бөлігі. Кез келген күрделі шешімнің артында дана қариялар мен ақылшы ақсақалдар тұрады. Еңбек етіп,



мызға гүл шоқтары мен ән-жырларын сыйға тартты.

Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген жас маман әріптестеріне өздерінің тәжірибелерімен бөлісіп, ақыл-кеңестерін айта білген қарияларымыздың орны ерекше. Қария деген сөз елдің басы болу, ақылын айтар дана болу, ел төрінде құрметке бөлену. Шаңырақтың шаттығын сақтап, бірлігін бекем етуге ақылын айтар елі мен жерінің кеңесшісі. Қарттарымыз қиын-қыстау заманда ел үшін аянбай еңбек етіп, балаларын өсіріп, білім беріп, жетілдірді. Қариялардың көкірегі қашан да өсиетке толы. Қарттарымызды құт-береке деп тану, ол — ұрпақтың көрегендігі.

Суреткердің парасат биігі

Ақтөбе қаласындағы «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты №5 С.Я. Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Ымырттағы кітапхана» әлеуметтік-мәдени шара аясында, «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша «Суреткердің парасат биігі» портреттік кеші өтті.

Шараның мақсаты: Қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері Төлен Әбдіктің «Оң қол» шығармасын оқыр-

мандарға таныстыру, қызығушылығын ояту, жалпы адамзаттық құндылықтарға деген дұрыс қарым-қатынасын қалыптастыру, адамгершілік және эстетикалық талғамын тәрбиелеу, қарым-қатынас, құрмет пен махаббат сезімдерін ұғындыру.

Кітапханашы Ақмарал Кемалова Сүлейменқызы шараға қатысушы оқырмандарға жазушы өмірі мен шығармашылығы туралы бейнекөріністерді таныстырды. Оқырмандар өздері оқыған «Оң қол» әңгімесінен ой бөлісіп, пікірталасты. Шығармадағы кейіпкерлердің санасындағы, ойлау жүйесіндегі сан алуан сезімдік, пси-





хологиялық, ой ағымына, түс көруді талдауға іс-әрекеттегі, портреттегі физиологиялық, сезімдік құбылыстарды ортаға салып талқылады. «Оң қол» әңгімесінде кейіпкер – Алманың түс көру арқылы автор адам санасында үздіксіз жүріп жатқан үрей мен қорқынышты, өмір мен өлім арасындағы арпалысты, жан толғанысын ортаға ой бөлісі. Саябақтағы гүлді жұлдырып, дәрігер жігіттің сезімін сынайтын сұлу да, тәкаппар, адал да, ерке Алма ұйқыға ене бастаса-ақ алқымына ұмтылатын оң қолдың опасыздық әрекеті қауіпті сырқатының нәтижесі кейіпкердің өмірімен қоштасуымен аяқталды. Жасөспірім оқырмандар әр түрлі қозғалыстарды салыстыра, бір-бірінің ойларымен бөлісе келе, шындық пікірдің, шешімін іздеп тапқандай пікірталасты. Пікір алмасып дұрысқа көз жеткізгендей, шараға қатысқан оқырмандар көздері жеткендіктен де

өздері ортақ бір пікірге келіп, жоғары деңгейде белсенділік танытып өздерін көрсете білді. Серіктес №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің 8 «В» сынып оқушылары Шекпенова Айша, Болатова Айым, Жұмабай Дінаршын, Дүйсен Таңшолпан, Қабиев Алихан, Алпамыс Абдрахман және мектептің кітапхана мамандары Айнель Есалинова Сагинаевна, Ақтолқын Садақбаева Арыстанқызы. Шара соңында Төлен Әбдіктің шығармаларынан «Суреткердің парасат биігі» атты кітап көрмесін кітапханашы Раушан Қартбайқызы көп ақпараттар беріп, шолу жасап таныстырды.

**Ақжібек Шындәулетқызы
КЕНШІНБАЕВА,
№5 Самуил Яковлевич Маршак
атындағы қалалық балалар
кітапханасының меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы**

«Оқитын өлке» акциясы

Биылғы жылдың таңдауы облыстық «оқитын өлке» акциясы аясында талай-талай қиындықты басынан өткеріп, Ұлы Отан соғысында от кешкен, елім, жерім деп емірене жүріп қолынан қаламын тастамаған жерлес жазушымыз Өтебай Қанахиннің шығармаларын оқуға тандалынды. Әдебиет — ұлттың жаны. Ұлттық сана, тағдыр, жан жүйесі — көркемөнердің басты тақырыбы дер болсақ жерлес жазушымыз Өтебай Қанахин өзінің көркем шығармаларында ел жайын толғап, әрбір кейіпкерінің тағдыр салған тауқыметін, өмірін, бақытын,



қуанышы мен сүйінішін, күйінішін есті оқырманының есіне салады. Өтебай Қанахин Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Тәуіп ауылында туған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1960 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген.

1953-1960 жылдары «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақ-



стан») газетінде әдеби қызметкер, жауапты хатшының орынбасары, 1963-1966 жылдары «Жазушы» баспасында бас редактор, 1966-1969 жылдары Қазақстан КП ОК-нің насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1969-1970 жылдары «Жалын» альманахының тұңғыш бас редакторы, «Мәдениет және тұрмыс» журналында бөлім меңгерушісі, 1975-1982 жылдары Қазақ КСР Мәдениет министрлігі репертуарлық редакциялық алқасының бас редакторы қызметтерін атқарды. 1-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдарымен марапатталған.

Алғашқы әңгімесі «Екі кездесу» 1947 жылы жарық көрді. «Ауыр күндер», «Мұрагер» (1958), «Көл жағасында» (1960), «Маздақ» (1964),

«Тұңғыш махаббат» (1966), «Жас дәурен» (1966), «Жер басып жүрсем» (1968), «Дәмелі» (1962), «Жүрек қалауы» (1974), «Бақыт бәйшешегі» (1976), «Құдірет» (1979), «Қарт сарбаз хикаясы» (1986), «Ата қоныс» (1990), т.б. кітаптардың авторы. Жазушының бірқатар шығармалары орыс, украин, белорус, өзбек, армян, тәжік, татар, башқұрт, қырғыз және неміс тілдеріне аударылған. Осы жерлес жазушымыз Өтебай Қанахиннің туындыларын насихаттау мақсатында Пригород тұрғын үй алабындағы №9 модельді кітапханасында «Ардақты тұлға» атты шара өткізілді. Шараға тұрақты

кітапхана оқырмандары және Пригород орта мектебінің оқушылары қатысты. Шара барысында Ақатаева Аяулым «Құдірет» романына, Скакова Кәусар алғашқы жарық көрген «Екі кездесу» әңгімесіне тоқталса, Орынбасарова Ақтолқын, Тулегенова Назерке, Байтурина Индира өлеңдерін жатқа оқыды. Кеш соңында «Ұлы даланың рухани жауһары» атты кітап көрмесімен таныстырылып, библиографиялық шолу жасалды.

Сарбиназ Жумабаевна ДАУТИЕВА,
Пригородный тұрғын үй алабындағы
№9 модельді кітапхана меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.

Мереулі Меркедегі меуірім мекені

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы заңмен жұмыс істейді.

Мекеме 2006 жылы ашылған. Бұл мекеме аудандағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық тұрғыда көмек



беру мақсатында ашылған. Бұл мекемеге біз ерекше білім беруге қажеттілігі




бар, туылғаннан 18 жасқа дейінгі балаларды қамтимыз. Яғни, есту қабілеті бұзылған сөйлеу, тілінде кемістігі бар балалар, психикалық дамуы тежелген балалар, зиятында ауытқуы бар балалар, тірек қимыл-қозғалыс аппараты бұзылған балалар және эмоциялық ерік саласы бұзылған балаларды қамтимыз және қабылдаймыз, түзету дамыту жұмыстары мен айналысамыз. Бұл мекемеде жеке және шағын топтық жұмыстар жүргізіледі. Баланы қабылдағаннан кейін 2 апта диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін, топтық бағалау арқылы балаларды арнайы мамандарға және педагог-психологтарға бөліп береміз. Одан кейін ол кісілер жеке түзету бағдарламаларын әр ойын терапиясынан бастап, барлық арк терапия пайдаланылады және сенсорлық кабинет жұмыс жасайды. Қазіргі кезде сенсорлық кабинеттің орнына АФК емдік кабинеті ашылып, заманауи қызмет көрсетілуде. Бұл жерде мен мына сөзді айтар едім, қазақтың ұлы педагогы, психологы ойшыл, ағартушы Жү-

сіпбек Аймауытовтың баланың ақылы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлі ықпалы арқасында жетіледі. Яғни, бұл дегеніміз дефектологтардың қазіргі заманауи педагогтардың міндеті арта түседі деген сөз.

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы — Утешова Гульнар Исрайловна, әдіскері — Юсупова Маржан Қайратқызы, әлеуметтік педагогы — Балтабаева Куаныш Атадиновна, ЕДШ маманы — Жолымбекова Ляззат Шералиевна, логопедтері — Тлешова Дамира Орынбасаровна, Махамбетова Майра Нусипжановна, психологтары — Бошанбекова Хафиза Кенесовна, Бурибаева Айнур Болатбековна, дефектологы — Дарменкулова Асия Аязовна және тәрбиешісі — Досманбетова Акбота Алешевна сынды қызметіне адал жандар жұмыс жасауда.

Яғни, әрбір бала — бір шырақ, жарқырауына жәрдем ет, - дегендей, баланың жүрегіне жол тауып, қиялын асқақтатып, оны қарапайым түрде баланың бойына еге білу. Бұл дегеніміз — қалыпты балалардың санатына қосу ұлағатты ұстаздардың және қазіргі дефектологтардың тікелей міндеті! Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыз осы жылдарда толағай табыстарға жетті. Мемлекетіміздің қарқынды дамуы, тұрақты саясатпен ішкі бірліктің нәтижесі. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз тату болсын! - дейді мекеме басшысы Утешова Гульнар Исрайловна. Біз де осы тілекке шын жүректен қосыламыз.

Әсем ӘДІЛБАЙҚЫЗЫ,
журналист.
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.



Мектептегі мерекелер:

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді. Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Индекс 75489

Қиып алыңыз да, жазылыңыз!

Басылым индексі
АБОНЕМЕНТ

«Мектептегі мерекелер тәрбие жұмыстарының сценарийлері»

75489

Комплекті саны

2024 жылға, айлары

кайда												

(почта индексі)

(мекен-жайы)

кімге

(аты, жөні)

Тасымалдау карточкасы

75489

Басылым индексі

ПВ орны

Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...тенге	...тиын	комплекті саны
		...тенге	...тиын	

2024 жылға, айлары

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
кайда											

кайда

(почта индексі)

(мекен-жайы)

кімге

(аты, жөні)

